

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс
жалпы жиналысының №2/2021
ХАТТАМАСЫ**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы 5 қараша

Толық атауы: «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы.

Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімдері Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізбей, сырттай дауыс беру арқылы қабылданды.

Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін толтырылған бюллетеньдерді ұсынудың басталу күні – 2021 жылғы 29 қазан.

Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін толтырылған бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні – 2021 жылғы 4 қараша 18 сағат 30 минутқа дейін (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша).

Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні – 2021 жылғы 5 қараша.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы отырысын өткізбей, сырттай дауыс беру арқылы «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша (2021 жылғы 3 қыркүйектегі №7/2021 отырыс хаттамасы) келесі күн тәртібімен шақырылды:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабы 4-тармағына және «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысының 9-бабы 46-тармағына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама 2021 жылғы 3 қыркүйекте қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ интернет-ресурсында орналастырылды. «ҚазТрансОйл» АҚ акционерінің сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетенін қабылдау 2021 жылғы 04 қарашада 18 сағат 30 минуттан кешіктірмей, мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабында көзделген функцияларды жүзеге асыратын Есеп комиссиясы 2019 жылғы 28 қаңтардағы (№1/2019 хаттама) Акционерлердің кезектен

тыс жалпы жиналысының және 2020 жылғы 27 мамырдағы (№1/2020 хаттама) Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімдерімен сайланды.

2021 жылғы 27 қазандағы жағдай бойынша «Бағалы қағаздар орталық депозитарий» АҚ ұсынған «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің тізіміне сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы саны 384 168 347 (үш жүз сексен төрт миллион бір жүз алпыс сегіз мың үш жүз қырық жеті) дананы құрайды.

Белгіленген мерзімде «ҚазТрансОйл» АҚ-қа жарамды болып табылатын және дауыстарды есептеуге қабылданған 2 (екі) сырттай дауыс беру бюллетені ұсынылды. Бюллетень жиынтықта «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 346 325 487 (үш жүз қырық алты миллион үш жүз жиырма бес мың төрт жүз сексен жеті) дауыс беретін акциясын білдіреді, бұл «ҚазТрансОйл» АҚ-тың дауыс беретін акциялары жалпы санының 90,15%-ін құрайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабы 1-тармағының және «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысының 9-бабы 31-тармағының негізінде егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, жиынтығында «ҚазТрансОйл» АҚ дауыс беретін акцияларының 50 (елу) және одан да көп процентін иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу және күн тәртібі мәселесі бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында «ҚазТрансОйл» АҚ акционерінің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне келесі мәселе енгізілді:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді толтыруы арқылы өткізілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту мәселесі бойынша.

Дауыс беруге қойылған мәселе:

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының келесі күн тәртібі бекітілсін:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы.

Дауыс берді:

«Жақтайды» – 346 325 487 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім «ҚазТрансОйл» АҚ-тың дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының келесі күн тәртібі бекітілсін:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесі бойынша:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы.

Дауыс беруге қойылған мәселе:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізілсін.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Д.Ғ. Досанов:

1) осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс пен толықтыруға қол қойсын;

2) осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

Дауыс берді:

«Жақтайды» – 346 325 487 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім «ҚазТрансОйл» АҚ-тың дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды.

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізілсін.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Д.Ғ. Досанов:

1) осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс пен толықтыруға қол қойсын;

2) осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

**Есеп комиссиясының
төрағасы**



Б. Марабаева

Есеп комиссиясының мүшелері:

С. Бидайбекова

С. Қожахметов

Д. Мұханбетжанова

Д. Нүсіпжанова

Ж. Тапаева

С. Тукупов